

**2011 жылы бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан тұлғаларға және интернат мекемелерінің кәмелетке толмаған түлектеріне жұмыс орындарын үлестіру туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 16 наурыздағы N 107/2 қаулысы. Павлодар облысы Шарбақты ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 14 сәуірде N 12-13-124 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімі аппарат басшысының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі N 35/01-17/820 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімі аппарат басшысының 27.09.2013 N 35/01-17/820 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 21 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5 бабының 2 тармағына, 7 бабының 5-5), 5-6) тармақшаларына сәйкес жұмысқа орналастыруға мұқтаж бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан тұлғаларға және интернат мекемелерінің кәмелетке толмаған түлектерін жұмыспен қамту және жұмысқа қабылдауға көмек көрсету мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шарбақты ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" Мемлекеттік мекемесіне бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан тұлғаларды және интернат мекемелерінің кәмелетке толмаған түлектерін жұмысқа орналастыру үшін ауданның кәсіпорындарында, мекемелерінде және ұйымдарында жұмыс орындарының үлесі қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан тұлғаларды және интернат мекемелерінің кәмелетке толмаған түлектерін жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын құратын ұйымдардың тізбесіне енгізілген жұмыс берушілер (келісім бойынша):

бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан тұлғаларды және интернат мекемелерінің кәмелетке толмаған түлектерін жұмысқа орналастыру үшін белгіленген үлестіруге сәйкес қажетті жұмыс орындарының санын құрастырады;

жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өкілетті органның жолдамасы бойынша жұмыс орындарына орналастырады; кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес босаған жұмыс орындары туралы жұмыспен қамту жөнінде өкілетті органға бос орын пайда болған күннен үш күн мерзімінде ақпарат береді; ай сайын жұмыс берушілер жұмыспен қамту жөніндегі өкілетті органдарға үлес бойынша бөлінген жұмыс орындарын толтыру туралы ақпарат береді.

3. Еңбекақы жағдайлары, еңбек нормалары, демалыс және жұмыс уақытының тәртібі, мамандықтардың (лауазымдардың) қатар қолдануын тәртібі, қызмет көрсету аймақтарын арттыру, уақытша болмаған қызметкердің талаптарын орындау, еңбекті қорғау және қауіпсіздігі, техникалық, тұрмыстық-өндірістік жағдайлары, сонымен бірге басқа да еңбек жағдайлары тараптардың жұмыс берушімен және жұмыскермен бекітілген еңбек шартында келісім бойынша е с к е р т і л у і т и і с .

4. Үлестірілген орынға жұмысқа орналастырылған жұмыскердің еңбекақысына сәйкес қаржылық жылға белгіленген ең төмен еңбекақыдан кем б о л м а у ы т и і с .

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бақтылы Қайырбекқызы Қалыбаеваға жүктелсін.

Аудан әкімі С. Смағұлов

Шарбақты ауданы әкімдігінің  
2011 жылғы 16 наурыздағы  
N 107/2 қаулысына  
қосымша

**2011 жылы бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан тұлғаларды және интернаттық мекемелердің кәмелет жасқа толмаған түлектерін жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын құратын ұйымдардың ТІЗБЕСІ**

N	Ауылдық округ атауы	Кәсіпорын, ұйым, мекеме	Жұмыскерлер саны		Іске мерз 2011 Жыл
			бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан тұлғалар	интернаттық мекемелердің кәмелетке жасқа толмаған түлектері	
1		"Ертіс орманы" Мемлекеттік табиғи орман резерваты	1	1	

	Шалдай ауылдық округі	мемлекеттік мекемесінің келісім бойынша			
2	Шарбақты ауылы	"Шығыс жолдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі келісім бойынша	-	1	Жыл
3	Орловка ауылы	"Победа" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі келісім бойынша	1	-	Жыл
	Барлығы:	3 кәсіпорын	2 жұмыс орны	2 жұмыс орны	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК